



Жоба

## **Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігінің арасындағы сот төрелігі саласындағы ынтымақтастық туралы келісім**

Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігі (бұдан әрі Тараптар деп аталатын) олардың арасында қалыптасқан достық қарым-қатынастарды қолдау және сот төрелігі саласында өзара тиімді ынтымақтастықты орнату мақсатында мына төмендегілер туралы келісті:

### **1-бап**

Тараптардың әрқайсысының азаматтары басқа Тараптың аумағында өз құқықтары мен оларды қорғауды қамтамасыз етуі, басқа Тараптың азаматтары үшін көзделген сол шарттарда талап арыз және апелляциялық шағымдар беруі, сондай қорғауды пайдалануды талап ете отырып осы басқа Тараптың сот төрелігі органдарына жүгіну құқығын пайдаланады.

### **2-бап**

Осы Келісімнің 1-бабының ережелері осы заңды тұлғаларды құру және олардың мақсаты Тараптардың әрқайсысының негізгі заңдарына (Қазақстан Республикасы үшін белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы - заңнамаға) қайшы келмеген жағдайда осы, Тараптың аумағында белгіленген тәртіппен құрылған заңды тұлғаларға қатысты қолданылады.

### **3-бап**

Тараптардың әрқайсысының азаматтары басқа Тараптың аумағында осы басқа Тараптың заңдарына сәйкес азаматтық, коммерциялық, қылмыстық және өзге де мәселелер бойынша сот көмегін алу құқығын осы басқа Тараптың азаматтарымен тең дәрежеде пайдаланады.

### **4-бап**

Сот көмегін көрсету туралы өтінішті жібергені және оны алғаны, сондай-ақ тапсырманы орындағаны үшін қандай да болмасын материалдық өтемдер өндірілмейді. Мұндай тапсырмаларды орындау шұғыл тәртіппен жүргізілетін болады.

### **5-бап**

Тараптардың Әділет министрліктері осы Келісімнің ережелері бойынша тікелей бір-біріне жәрдемдесу туралы сұрау салуларды жібереді және әрбір Әділет министрлігі мына төмендегілерді жүзеге асыратын уәкілетті органдарын белгілейді:

1) егер тапсырманы беруші сұрау салынған Тараптың аумағында тұрмаса, сот көмегін көрсету туралы тапсырмаларды қабылдайды және оларды қарайды;

2) басқа Тараптың сот төрелігі органдары немесе құзыретті органдары жіберген сот тапсырмаларын қабылдайды және орындайды;

3) басқа Тараптың құзыретті органдары жіберген сотқа шақыру қағаздарын қабылдайды және құжаттарды береді әрі олардың орындалуымен айналысады.

## **6-бап**

Азаматтық, коммерциялық істерге және азаматтық жағдайлар жөніндегі істерге қатысты талаптарды беруді немесе сот және өзге де құжаттарды осы Тарапта белгіленген тәртіпке сәйкес бір Тараптың құзыретті органынан басқа Тараптың құзыретті органына тікелей беруді жүзеге асырады немесе Тараптардың бірінің аумағында тұратын тиісті адамдарға жіберіледі.

## **7-бап**

Хабарлама жасалуға немесе тапсырылуға жататын сот және өзге де құжаттарда мынадай мәліметтер болуға тиіс:

1) сот немесе өзге де құжатты беруші органы;

2) құжаттың түрі;

3) сот және өзге де құжаттар тапсырылатын адамның аты, айналысатын қызметі, мекен-жайы, ұлты, тұратын жері, заңды тұлғаның мекен-жайы, егер осындай болса оның заңды өкілінің атауы мен мекен-жайы көрсетілген толық деректер;

4) тапсырманың сипаты мен негіздемесі; қылмыстық іске жасалған қылмыстың нақты жағдайлары мен қылмыстың осы түрі үшін қолданылатын жауапкершілігі туралы мәліметтер қоса беріледі.

## **8-бап**

1) Сұрау салынған Тараптың құзыретті органының құжаттарды беру жөніндегі міндеті оларды шақыру қағазы табыс етілетін адамға берумен шектеледі, бұл ретте адам құжаттың көшірмелеріне қолын қоюға және тапсырылған күнді көрсетуге; немесе сұрау салған Тараптың құзыретті органына осы тапсырманы орындаудың тәсілі мен құжаттар тапсырылған адамды, орындалған күнін (немесе тапсырманың орындалмау себептері) көрсете отырып хабарлауға тиіс. Хабарлау талап етілген алушының қолы қойылған құжаттардың көшірмесі немесе оның құжаттарды алғаны туралы қолхаты

тікелей сұрау салған Тараптың құзыретті органына жіберіледі;

2) сот және басқа да құжаттарды тапсырғаны үшін сұрау салынған Тарап қандай да болмасын материалдық өтемдерді төлетуге құқығы жоқ.

## **9-бап**

Тараптардың әрқайсысының сот төрелігі органы басқа Тараптың сот органдарына қаралатын талапқа, атап айтқанда азаматтық, коммерциялық, қылмыстық істер мен азаматтық жағдай туралы істер бойынша куәлардан жауап алуға, сарапшылардан есеп алуға және оларды талқылауға қатысты сот ісін жүргізу туралы тапсырма жібере алады.

## **10-бап**

Сот ісін жүргізу туралы тапсырмада мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- 1) тапсырма беретін органның атауы және тапсырма жіберілетін органның атауы;
- 2) талап берушінің және жауапкердің аты, олардың айналысатын қызметтерінің түрі мен мекен - жайы ;
- 3) талаптың мәні мен талапта жазылған нақты мән-жайлар туралы мәліметтер;
- 4) анықтауға жататын мән-жайлар мен қабылдауды талап ететін шаралардың жазылуы ;
- 5) куә ретінде жауап алынуға тиіс адамдардың аты-жөні мен мекен-жайы;
- 6) сот талқылауы өткізілетін күн;
- 7) қолы мен елтаңбалы мөр.

## **11-бап**

Тараптардың әрқайсысы сот ісін жүргізу туралы тапсырмаларды осы Келісімнің ережелеріне сәйкес орындауға міндеттеме алады. Орындаудан бас тартуға тек мынадай екі жағдайда жол беріледі:

- 1) егер арыз сұрау салған Тарапта мемлекеттік қызмет мүдделеріне және мемлекеттік басқаруға қарсы қылмыс болып табылатын қылмысқа қатысты болса;
- 2) егер тапсырманы орындау сұрау салынған Тараптың егемендігі немесе қоғамдық тәртібі мәселелеріне қатысты болса.

Сот ісін жүргізу туралы тапсырманы орындаудан бас тартқан немесе қиындық туындаған жағдайда сұрау салынған Тарап тез арада сұрау салған Тарапты хабардар етеді, бұл ретте орындаудан бас тартуға немесе осыған қиындық келтіруге негіз болған себептерді көрсете отырып, құжаттарды қайтарады.

## **12-бап**

Куәлардан жауап алу сұрау салынған Тараптың заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

### 13-бап

Куә немесе сарапшы олардың мәртебесіне байланысты оларға қарсы қолданылуы мүмкін кез келген іс-әрекеттерден қол сұқпаушылықты пайдаланады, бұл туралы құзыретті орган оларды жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. Осындай қол сұқпаушылық, егер олардың кетуі үшін оларға қатыссыз себептер бойынша кедергі туындамаса, елден шығару туралы шешім шығарылған сәттен бастап 30 күн өткен соң күшін жояды.

### 14-бап

Тараптардың әрқайсысы сұрау салған Тарап (қажет болғанда) өтейтін сарапшылардың қызметтеріне ақы төлеу мен шақырылған куәлардың шығындарын қоспағанда, сот көмегін көрсету кезінде туындайтын шығыстарды көтереді. Шығыстар туралы мәліметтер тапсырмамен бірге жіберіледі.

### 15-бап

Тараптардың әрқайсысы сұрау салынған Тараптың үкіметіне қарсы немесе өзінің қызметтік міндеттеріне байланысты айналысқан істер бойынша оның лауазымды адамдарының біреуіне қарсы шығарылған шешімдерді қоспағанда, азаматтық, коммерциялық, қылмыстық істер бойынша және азаматтық жағдайлар туралы істер бойынша басқа Тараптың сот төрелігі органы шығарған түпкілікті нысандағы шешімдерді орындайды.

### 16-бап

Сот шешімін орындаудан толық немесе ішінара бас тарту мынадай жағдайларда қ а б ы л д а н у ы м ү м к і н :

1) егер шешім ислам шарифатының ережелеріне (Сауд Арабиясы Корольдігі үшін) немесе сұрау салынған Тараптың заңнамасына (Қазақстан Республикасы үшін) қайшы к е л с е ;

2) егер шешім сырттай шығарылса және жауапкер талап және сот шешімі туралы тиісті дәрежеде хабардар етілмесе;

3) егер осы іс бойынша түпкілікті шешім процесс тараптарының арасында қабылданса және сұрау салынған Тараптың сот төрелігі органымен орындауға сұрау салынса, немесе егер осы сәтте бұл Тарапта осы іс бойынша сол процесс тараптарының арасында талап болса және ол бойынша талқылау басталса;

4) егер сұрау салынған Тараптың белгіленген халықаралық құқықтық құзыретінің тиісті ережелеріне сәйкес келетін құзыреті жоқ сот төрелігі органы шешім шығарса

немесе осы Келісімнің ережелеріне сәйкес құзыреттілердің қатарына жатпаса;

5) егер шешім сұрау салынған Тарап қатысушысы болып табылатын халықаралық конвенцияларға және келісімдерге қайшы келсе.

## **17-бап**

Осы Келісімнің 18 және 19-баптарында қарастырылған мәселелерді қоспағанда, шешім шығарған Тараптың сот төрелігі органы:

1) егер оған қарсы талап ұсынылған сәтте жауапкердің тұрақты немесе уақытша тұратын жері осы Тараптың аумағы болып табылса;

2) егер жауапкердің оны ұсынған сәтте осы Тараптың аумағында заңды тұлғасы немесе филиалы болса және сот талқылауы осы заңды тұлғаның немесе филиалының қызметіне қатысты болса;

3) егер талқылау осы Тараптың аумағында жүргізілетін болса, шарттан тыс міндеттемелер бойынша жауапкершілік жағдайларында;

4) егер жауапкер осы Тараптың сот төрелігі органының құзыреттілігін орынды тандауды тағайындау жолымен де, келісім жолымен де таныса, егер осы Тараптың жүйесі осындай Келісімге тыйым салмаса;

5) егер жауапкер талап мәні бойынша дауды қарайтын сот органына сот төрелігін жүргізу туралы өтініш бермей-ақ, өзін қорғауды ұсынса, құзыретті болып есептеледі.

## **18-бап**

Талап беру сәтінде беруші азаматы болып табылатын Тараптың сот төрелік органы егер сот талқылауы осы адамның әрекетке қабілеттілігіне немесе оның азаматтық жағдайына қатысты болса, әрекетке қабілеттілігі және азаматтық жағдайлары туралы істерде құзыретті болып есептеледі.

## **19-бап**

Аумағында жылжымайтын мүлік орналасқан Тараптың сот төрелігі органы жылжымайтын мүлік құқығына қатысты шешім шығаруға құзыретті болып есептеледі.

## **20-бап**

Сот төрелігі органының шешімін орындау туралы өтініш Тараптардың екеуінің заңдарына сәйкес сот төрелігі органдарына шешу үшін жіберіледі. Бұл ретте мыналар онымен қоса жүруі тиіс:

1) орындалуы талап етілетін шешімді шығарған сот төрелігі органы куәландырған сот шешімінің көшірмесі;

2) шешімнің түпкілікті болып табылатыны және орындалуға жататыны туралы сот



Барлық құжаттар оларды берген құзыретті орган мен сот төрелігі органының қолы қойылып, елтаңбалы мөрмен расталуға тиіс. Құжаттардың көшірмесі құзыретті органмен немесе сот төрелігі органымен "түпнұсқамен сәйкес" деген белгімен расталуға тиіс.

## **24-бап**

Осы Келісімде көзделген сот көмегін көрсету туралы өтініштер сұрау салынған Тараптың тіліне аударылған екі көшірмесімен қоса сұрау салған Тараптың тілінде жіберіледі.

## **25-бап**

Осы Келісім бекітілген құжаттарды алмасқаннан кейін 30 күн өткен соң күшіне енеді.

## **26-бап**

Осы Келісім, егер Тараптардың біреуі мерзім аяқталғанға дейін кемінде 3 ай қалғанда басқа Тарапты хабарландыру арқылы өзінің Келісім мерзімін жаңартуды қаламайтыны туралы ниет білдірмесе, үш жыл бойы қолданылады, ол өткен соң автоматты түрде келесі мерзімге ұзартылады, ол осы Келісімнің шеңберінде ұсынылған тапсырмалардың орындалуына әсер етпейді.

Осы Келісім \_\_\_\_\_ қаласында \_\_\_\_\_ жылы қазақ, араб және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқалық данада жасалды, олардың әрқайсысының күші бірдей. Келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасы үшін Сауд Арабиясы Корольдігі үшін*